

Химия-Биология

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Атом радиусының кему реті бойынша орналасқан элементтер қатары

- A) C, O, F, Mg, P
- B) Be, B, C, N, O, F
- C) Cl, P, Si, Al, Mg
- D) B, Fe, Ca, Mg, P
- E) N, Be, Mg, P, Na

2. Жарық пен түсті қабылдайтын рецепторлар

- A) нейрондар
- B) дендриттер
- C) құтышылар
- D) таяқшалар
- E) аксондар

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

3. Суда еритін зат

- A) спирт
- B) аммиак
- C) ас содасы
- D) құм
- E) қант
- F) ас тұзы
- G) бензин
- H) әктас

4. Безгек паразиті бүлдіреді

- A) өкпені
- B) ішекті
- C) бауырды
- D) эритроциттерді
- E) теріні
- F) лейкоциттерді

Мәнмәтіндік тапсырмалар
1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Аспаздық байқаулардың бірінде «Балауызбен дайындалған қияр» атты мәзір бірінші орын алған. Оны дайындау үшін сыйымдылығы 3 л шыны ыдысты жуып құрғатылған қиярмен толтырып, ыдыстың бос жеріне балауызды орналастырып, оны жағады, ыдыстың аузын металл қақпақпен жабады. Бұл әдіспен қияр ұзақ уақыт балғын күйінде сақталады. Химиктің көзқарасымен бұл әдістің мәнін қалай түсіндіруге болады? Қиярдың құрамында 2,5 % глюкоза, фруктоза, сахароза және 1,3 % крахмал, клетчатка, пектин бар екені белгілі.

1. Балауыздың құрамындағы 8,6 г гексан жанғанда түзілетін көмірқышқыл газының зат мөлшері

- A) 0,8 моль
- B) 0,2 моль
- C) 0,7 моль
- D) 0,4 моль
- E) 0,6 моль

2. Ауадағы оттектің мөлшері

- A) 19%
- B) 17%
- C) 16%
- D) 18%
- E) 21%

3. Фотосинтез процесі кезінде 264 г көмірқышқыл газынан алынған глюкозаны күміс оксидінің аммиактағы ерітіндісімен әрекеттестіргенде түзілген тұнбаның зат мөлшері (моль)

- A) 2 моль
- B) 3 моль
- C) 5 моль
- D) 4 моль
- E) 1 моль

4. Балауыздың құрамындағы 8,6 г гександы жағуға жұмсалған оттектің зат мөлшері

- A) 0,65 моль
- B) 0,35 моль
- C) 0,75 моль
- D) 0,45 моль
- E) 1,05 моль

5. Фотосинтез процесі кезінде бөлінетін газ

A) азот

B) озон

C) сутек

D) көмірқышқыл газы

E) оттегі